

Жергілікті бюджеттен берілген кредиттер бойынша талаптарды тоқтату ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 254 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 936 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.12.2021 № 936 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Жергілікті бюджеттен берілген кредиттер бойынша талаптарды тоқтату бөлігінде "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңының 21-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Жергілікті бюджеттен берілген кредиттер бойынша талаптарды тоқтату ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 17 наурыздағы
N 254 қаулысымен
бекітілген

Жергілікті бюджеттен берілген кредиттер бойынша талаптарды тоқтату ережесі

Осы Ереже жергілікті бюджеттен берілген кредиттер бойынша талаптарды тоқтату мәселелерін реттеу мақсатында әзірленді.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) агент - екінші деңгейдегі банк немесе тиісті шарттарды жасасу, қызмет көрсету, жергілікті бюджеттен берілген кредиттерді қайтару, оларды пайдаланғаны үшін сыйақылар, өсімақылар, айыппұлдар бойынша қызметтерді және агенттік келісімдерге сәйкес басқа да функцияларды орындайтын, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйым;

2) борышкер - жергілікті бюджеттен берілген кредиттер бойынша берешегі бар заңды тұлға;

3) берешек - жергілікті бюджеттен берілген кредиттер, оларды пайдаланғаны үшін сыйақылар, өсімақылар және айыппұлдар бойынша борышкердің борыш сомасы;

4) кредитор - борышкерге жергілікті бюджеттен кредит берген жергілікті атқарушы орган;

5) жергілікті бюджеттің кредиттер бойынша дебиторлық берешегінің тізілімі - борышкерлердің жергілікті бюджет алдындағы берешегі тіркелетін құжат;

6) талаптардың тоқтатылуы - өндіріп алынуы мүмкін емес (борышкер таратылған жағдайда) борыштар бойынша дебиторлық берешекті есептен шығару;

7) жергілікті уәкілетті орган - тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің қаржысын басқаруға әкім уәкілеттік берген, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган.

2. Жергілікті бюджеттің алдындағы міндеттемелердің орындалуын бағалау жөніндегі комиссия

2. Міндеттемелердің орындалуын бағалау жөнінде қорытынды дайындау мақсатында, сондай-ақ олар бойынша талаптарды тоқтату мүмкіндігін қарастыру үшін облыс, Астана және Алматы қалалары, қалалар (аудандық маңызы бар қалалардан басқа), қалалардағы аудандарды қоспағанда, аудан әкімі жанынан тұрақты жұмыс істейтін жергілікті бюджеттің алдындағы міндеттемелердің орындалуын бағалау жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылады.

3. Комиссияның құрамы облыстардың, Астана және Алматы қалаларының, қалалардың (аудандық маңызы бар қалалардан басқа), қалалардағы аудандарды қоспағанда, аудандардың жергілікті атқарушы органдарының шешімімен бекітіледі.

Комиссияның құрамына тиісті жергілікті өкілді органдардың депутаттары, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының (келісім бойынша), Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігінің (қаржы полициясы), Қазақстан Республикасының Ішкі істер, Әділет, Қаржы министрліктерінің өкілдері (аумақтық бөлімшелері бар болған ретте бірінші басшылары деңгейінде) кіреді.<*>

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.01.29. N 100 қаулысымен .

4. Комиссияның органдары:

- 1) Комиссияның төрағасы;
- 2) Комиссия төрағасының орынбасары;
- 3) жұмыс органы;
- 4) хатшы болып табылады.

5. Комиссияның төрағасы оның қызметін басқарады, Комиссия отырыстарында төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады және Комиссия жүзеге асыратын қызмет үшін жауап береді.

Комиссияның төрағасы болмаған уақытта оның функцияларын орынбасары орындайды.

6. Комиссияның хатшысы Комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттар мен материалдарды дайындайды, Комиссия отырысын өткізгеннен кейін хаттамалық шешімдер мен қорытындыларды ресімдейді.

7. Комиссияның шешімдері ашық дауыс берумен қабылданады және егер олар үшін Комиссия мүшелері дауыстарының жалпы санынан үштен екісі берілсе, қабылданған болып саналады.

8. Комиссия мүшелерінің нақты міндеттемелер бойынша ерекше пікір айтуға құқығы бар, ол айтылған жағдайда жазбаша түрде баяндалуы және отырыс хаттамасына қоса берілуі тиіс.

9. Комиссияның жұмыс органының функциялары жергілікті уәкілетті органға жүктеледі.

Комиссияның жұмыс кестесін Комиссия белгілейді.

3. Жергілікті бюджеттің кредиттер бойынша дебиторлық берешегі талаптарының тізілімі

10. Кредитор жергілікті бюджеттің кредиттер бойынша дебиторлық берешегінің тізілімін жүргізеді.

Кредитор басқару саласында салааралық үйлестіруді және мемлекеттік қаржыны бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға тоқсан сайын жергілікті бюджеттің дебиторлық берешегінің тізілімі бойынша ақпарат беруге міндетті.

4. Талаптарды тоқтату жөнінде шешімдер қабылдаудың рәсімі

11. Борышкер таратылғаннан кейін агент немесе агент болмаған жағдайда Комиссияның жұмыс органы бір ай мерзімде Комиссияға таратылған борышкерлердің берешегін есептен шығару туралы ұсыныстарды және талаптардың тоқтатылуын жүзеге асыру үшін қажетті мынадай құжаттарды:

1) борышкермен жасасқан қайтарымды және ақылы негізде жергілікті бюджеттен қаражат беру (ол болған кезде) туралы кредиттік шарттардың және оларға қосымша келісімдердің көшірмелерін;

2) борышкерден берешекті өндіріп алу жөніндегі шаралардың жүзеге асырылғанын растайтын:

кредитордың борышкерге талаптар қойғаны туралы;

берешекті өтеуге кепілдік берушілер (кепілгер) болып табылатын тұлғаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда борышкердің міндеттемелері бойынша субсидиарлық (ортақ) жауапкершілік жүктелетін тұлғаларға және борышкердің мүлкін заңсыз алған үшінші тұлғаларға талаптар қойылғаны туралы;

тиісті материалдарды құқық қорғау органдарына (құқыққа қарсы әрекеттер анықталған жағдайда) жібергені туралы;

өндіріп алудың сот тәртібімен жүзеге асырылғанын растайтын материалдар және сот шешімдері (борышкерді банкрот деп тану туралы, конкурстық өндірістің аяқталуы туралы, қуыну мерзімінің өтуі салдарынан қуыным талаптарынан бас тарту туралы және т.б.);

өндіріп алуға байланысты өзге де қажетті құжаттар;

3) борышкердің таратылғанын растайтын:

заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тізілімінен оған борышкерді тарату туралы жазба енгізілгені туралы үзіндіні жібереді.

12. Борышкердің берешегі бойынша талаптарды тоқтату үшін Комиссияның жұмыс органы осы Ереженің 11-тармағында көрсетілген құжаттарды, сондай-ақ жергілікті бюджеттің кредиттер бойынша дебиторлық берешегінің тізілімінен таратылған борышкерлер бойынша үзінділерді Комиссия мүшелеріне жібереді.

13. Комиссияның отырыстары олар бойынша кемінде жарты жылда бір рет талаптарды тоқтату ұсынылатын нақты міндеттемелер бойынша өткізіледі.

14. Комиссия мынадай:

борышты есептен шығару және жергілікті бюджеттен берілген кредиттер бойынша берешектің талаптарын тоқтату туралы тиісті жергілікті өкілді орган шешімінің жобасын әзірлеу жөнінде ұсынымдар берудің негізділігі туралы;

борышкерлердің берешегін өндіріп алу мақсатында жергілікті уәкілетті органның немесе агенттің қабылдауы қажет іс-шараларды көрсете отырып, борышкердің берешегін өндіріп алу жөніндегі қосымша іс-шараларды жүргізудің орындылығы туралы шешімдерді қабылдайды;

Комиссияның шешімі ұсынымдық сипатта болады.

15. Комиссия отырысы өткізілгеннен кейін он күн мерзімде отырысқа қатысқан оның мүшелері қол қоятын хаттама және жергілікті өкілді орган шешімінің жобасына олар бойынша талаптардың тоқтатылуы мүмкін

борышкерлер бойынша берешек талаптарының тізбесін енгізу жөнінде қорытынды жасалады.

16. Комиссияның хаттамалары және осы Ереженің 15-тармағында көрсетілген қорытындылар жергілікті өкілді орган шешімінің жобасын қалыптастыру үшін облыстың, Астана және Алматы қалаларының, ауданның (қаланың) бюджет комиссиясына жіберіледі.

17. Борышкерлерге қойылған талаптардың тоқтатылуы жергілікті өкілді орган шешімінің негізінде жергілікті бюджеттен берілген кредиттер, оларды пайдаланғаны үшін сыйақылар, өсімақылар және айыппұлдар бойынша өтелмеген берешектің сомасына жүзеге асырылады.